

# Жайық таңы

## Ардақты ағайын! Сіздерді еліміздің еңселі ордасы Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Астана – Тәуелсіз Қазақстанның ең жарқын жетістіктерінің бірі, мемлекетіміздің қуаты мен халқымыздың бірлігінің символы. Сарыарқаның сайын даласында бой көтерген бас қаламыз аз ғана уақыт ішінде әлем таныған заманауи мегаполиске айналып, еліміздің саяси, экономикалық, ғылыми, мәдени және рухани дамуының басты орталығы ретінде халықаралық деңгейде Қазақстанның беделін асқақтатып келеді.

Инновациялық идеялар мен батыл бастамалардың ордасына айналған Астана бүгінде бүкіл елді біріктіретін, жасампаздықтың, келісім мен тұрақтылықтың, білім мен ғылымның, мәдениет пен өркениеттің орталығына айналды. Елордамыздың әрбір жетістігі – Қазақстанның әр өңірінің, соның ішінде біздің ауданымыз тұрғындарының да еңбегінің ортақ жемісі.

Мемлекет басшысы айқындаған еліміздің даму бағыттары өңірлердің әлеуетін арттыруға, халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға және әлеуметтік әділеттілікті нығайтуға негізделген. Осы мақсатта ауданымызда тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған маңызды жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Инфрақұрылымды жаңғырту, жолдарды жөндеу, инженерлік желілерді дамыту, тұрғындарды сапалы ауыз сумен, табиғи газбен және электр энергиясымен қамтамасыз ету, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларын дамыту бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасуда. Бұл – мемлекет қолдауының, ел бірлігінің және жерлестеріміздің адал еңбегінің нақты нәтижесі.

Астана күні – елдік рухымызды асқақтатып, өткенімізді бағамдап, болашағымызға сеніммен қарауға үндейтін ерекше мереке. Елордамыздың қарқынды дамуы – еліміздің тұрақтылығы мен өркендеуінің айқын көрінісі, ал оның әрбір жетістігі – барша қазақстандықтың ортақ мақтанышы.

### Қадірлі жерлестер!

Баршаңызға осы айтулы мереке күні амандық пен бақ-береке, ырыс пен ынтымақ, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға шаттық, еңбектеріңізге толайым табыс пен береке тілеймін. Еліміз тыныш, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз бекем болсын! Астананың мерейі артып, Қазақстанымыздың өсіп-өркендеуі жолындағы игі бастамаларымыз әрдайым табысты болғай!

Астана күні құтты болсын!

Құрметпен, Ақжайық ауданының әкімі Мұрат Сердалин

## АҚЖАЙЫҚ БІЛІМ САЛАСЫНДА КӨШ БАСТАДЫ



2-бет

## «ҚЫЗ ЖІБЕК» АҚЖАЙЫҚҚА КЕЛГЕН КҮН



4-бет

## ЖҰБАН ЕЛІНЕН ЖҰБАН КІТАПХАНАСЫНА ТАРТУ



4-бет

## МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ МАРАПАТ

Бұқаралық ақпарат құралдары күніне орай Орал қаласында өткен салтанатты жиында өңір журналистикасының дамуына үлес қосып жүрген бірқатар әріптестер марапатталды. Марапатталғандардың қатарында ауданымыздың төл басылымы – «Жайық таңы» газетінің жауапты хатшысы Нұрбек Ихсанов та бар. Әріптесімізге облыс әкімі Нариман Төреғалиев арнайы қаржылай сертификат табыстап, саладағы еселі еңбегіне ризашылығын білдірді.

Нұрбек Асылбекұлы аудандық газетте 2010 жылдан бері еңбек етіп келеді. Осы уақыт ішінде фототілші, тілші қызметтерін абыроймен атқарып,

бүгінде басылымның жауапты хатшысы ретінде жемісті еңбек етіп жүр.

Әріптесіміздің аудан өмірінің шежіресін фотосурет арқылы қаттаудағы еңбегі ерекше. Жылдар бойы ел ішіндегі айтулы оқиғалар, тарихи сәттер мен қарапайым еңбек адамдарының өмірінен ауданның бай фотоархивін қалыптастыруға сүбелі үлес қосты. Бүгінде сол суреттердің көбі Ақжайықтың кешегісі мен бүгінгі жалғайтын құнды рухани мұраға айналды десек, артық емес. Оның ауылдастар, ауданның бүгінгі мен өткені туралы жазған мақалалары облыстық, республикалық газеттерде жарық көруде.

«Жайық таңы» газетінің редакциясы



## ► ЕЛ ЕНДІКТЕРІНДЕ

**ШІЛДЕДЕГІ БАСТЫ ӨЗГЕРІСТЕР**

- 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы күшіне енеді. Конституцияға сәйкес екі палаталы Парламенттің орнына 145 депутаттан тұратын бір палаталы Құрылтай құрылады; вице-президент лауазымы енгізіледі; азаматтардың заң жобаларын талқылауына мүмкіндік беретін «Халық Кеңесі» платформасы іске қосылады. Бұдан былай Конституция күні 15 наурызда аталып өтеді. Ал 30 тамыз мерекелік демалыс күні мәртебесінен айырылады.

- 1 шілдеден бастап күшіне енетін тағы бір маңызды құжат – жаңа Құрылыс кодексі. Негізгі өзгерістер: құрылыс нысандарына бірегей нөмір беріледі; барлық жобалар міндетті сараптамадан өтеді; eQurulus және Градкадастр жүйелері арқылы цифрлық бақылау енгізіледі; сейсмикалық қауіпсіздік талаптары күшейтіледі; құрылысқа жоспарлы және қашықтан тексеру жүргізіледі. Сонымен қатар тұрғын үйлердің сейсмикалық төзімділігіне паспорттау жүргізіліп, қауіпті нысандар анықталады. 1 шілдеден бастап адал емес құрылыс салушылардың электронды тізілімі де іске қосылды. Amazon, AliExpress және Temu сияқты шетелдік маркетплейстерден келетін тауарлар енді «электрондық сауда тауарлары» санатына енгізіледі.

- Негізгі талаптар: 200 еуроға дейінгі тауарларға бұрынғыдай баж салығы салынбайды; 200 еуродан асқан жағдайда тауардың толық құнына 5 пайыздық баж салығы салынады, бірақ ол әр келіге кемінде 1 еуро болуы тиіс; қосымша құн салығы – 16 пайыз. Бұл талаптар Wildberries, Ozon және Kaspi.kz сияқты Қазақстан мен ЕАЭО аумағындағы маркетплейстерге қолданылмайды.

- 1 шілдеден бастап электросамокат тепкендерге тротуарда жүруге тыйым салынады; самокатты тек 18 жастан асқан және жүргізуші куәлігі бар азаматтар жалға ала алады; барлық шеринглік самокаттарға мемлекеттік нөмір беріледі; міндетті сақтандыру енгізіледі. Былтыр электросамокат жүргізушілерінің кінәсінен Қазақстанда 139 жол-көлік оқиғасы болып, 149 адам жарақат алған.

- 12 шілдеден бастап көлік тоқтатылған кезде полиция қызметкері бірден келіп, тоқтату себебін түсіндіруге міндетті; жүргізушінің талабы бойынша қызметтік куәлігін көрсетуі тиіс; автоматты түрде тіркелген құқық бұзушылық бойынша бейнематериалдар көрсетіледі. Сондай-ақ арнайы дабыл шамдары қосылған көліктерге жол беру тәртібі нақтыланды.

- 19 шілдеден бастап банкаралық мобильді төлем жүйесінің жаңа ережелері күшіне енеді. Енді кез келген банктің қосымшасы арқылы телефон нөмірі немесе QR-код бойынша төлем жасауға болады; кәсіпкерлер POS-терминалмен қатар QR-код арқылы төлем қабылдауға міндеттеледі; бірыңғай ұлттық QR-код іске қосылады. Карта немесе QR арқылы төлем қабылдаудан негізсіз бас тартқан кәсіпкерлерге алғаш рет ескерту; бір жыл ішінде қайталанса 40-тан 100 АЕК-ке дейін айыппұл салынады.

- 12 шілдеден бастап жеке деректердің таралуы немесе заңсыз пайдаланылуы анықталған жағдайда операторлар бұл туралы бір жұмыс күні ішінде уәкілетті органға хабарлауға міндетті. Азаматтарға ақпарат электронды үкімет порталы, мобильді қосымша немесе SMS арқылы жіберіледі.

- 4 шілдеден бастап әскерге шақыру жүйесі цифрлық форматқа көшеді. Енді шақырылушылар туралы мәліметтер мемлекеттік деректер базасынан алынады; медициналық қорытындылар электронды форматта рәсімделеді; шақыру комиссиясының шешімдері цифрлық хаттамалар арқылы қабылданады; әскери қызметке шақыру туралы бұйрықтар электронды жүйеде шығарылады.

Жинақтаған Лағыл АҚЫҚ

**АҚЖАЙЫҚ БІЛІМ САЛАСЫНДА КӨШ БАСТАДЫ**

**2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша аудандық білім беру бөлімі Батыс Қазақстан облысындағы аудандық және қалалық білім беру бөлімдері арасында үздік деп танылып, рейтингтік байқауда бас жүлдені иеленіп, 3 миллион теңгенің сертификатын жеңіп алды.**

Осы айтулы жетістікпен білім беру бөлімінің ұжымын, барша педагогтарды аудан әкімі Мұрат Сердалин құттықтады. Сала өкілдерін қабылдаған ол кәсіби біліктілік пен жүйелі еңбектің нәтижесінде Ақжайықтың облыста көшбасшы атанғанын атап өтіп, алдағы уақытта да жоғары көрсеткіштерден көріне берулеріне тілектестік білдірді.

Өз кезегінде аудандық білім беру бөлімінің басшысы Ерболат Мұратқалиұлы бұл жеңіс тұтас ауданға ортақ екенін айтып, қолдау көрсеткен барша азаматтарға алғысын арнады. Сонымен қатар Ақжайық ауданы бойынша білім қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы

Максим Үмбеталиев те ұжымды құттықтап, мұндай табысқа қажырлы еңбек, ауызбіршілік пен жауапкершіліктің арқасында қол жеткізілгенін айтты.

Айта кету керек, облыс бойынша арнайы рейтинг құрылып, аудандық білім бөлімдерінің қызметі бірнеше көрсеткіш бойынша сараланды. Қаржының игерілуінен бастап, білім сапасы, педагогтердің кәсіби деңгейі, оқушылардың олимпиада мен байқаулардағы жетістіктері, кадрлық әлеует, қосымша білім деңгейі,

мемлекеттік аттестаттау нәтижелері, әдістемелік жұмыстар мен басқару тиімділігі – барлығын жан-жақты білікті мамандардан құралған комиссия толық зерттеді.

Ақжайық ауданы білім саласы осы көрсеткіштер бойынша көш басынан көрінуін, барша педагог қауымының, мектеп басшылары, әдіскерлер мен білім саласы қызметкерлерінің еңбегіне берілген лайықты баға деп білеміз.

Ауда АСЫЛБЕК

**АРДАГЕРГЕ АҚ ТІЛЕК**

**Аудан әкімі Мұрат Сердалин аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, білім қызметкерлерінің Ақжайық ауданы бойынша бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Максим Үмбеталиевті мерейлі 65 жасқа толуына орай қабылдады.**

Максим Жаншаұлы – саналы ғұмырын білім мен тәрбие ісіне арнаған, өңірге есімі белгілі ұстаздардың бірі. Ол А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институттың көркем-графика факультетін тәмамдаған соң, еңбек жолын 1986 жылы №2 Чапаев қазақ орта мектебінде бастады. Әр жылдары аудандық білім бөлімінде мектеп инспекторы, №3 Чапаев негізгі мектебінің директоры, Абай атындағы мектеп-гимназияның директоры қызметтерін атқарды. Кейін аудандық білім бөлімін, аудандық балалар және жасөспірімдер туризм орталығын басқарды. Бүгінде аудандық ардагерлер кеңесі мен білім қызметкерлері кәсіподағының тізгінін ұстап, қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүр.

Ұзақ жылғы еңбегі жоғары бағаланып, «Ерен еңбегі үшін», «Ыбырай Алтынсарин» медальдарымен, «Қазақстан Республикасы туризмінің Құрметті қызметкері» төсбелгісімен және басқа да көптеген марапаттармен наградталған.

– Сіздің алдыңыздан өткен жүздеген шәкірт бүгінде

еліміздің әр саласында абыройлы еңбек етіп жүр. Ұстаздық жолдағы елеулі еңбегіңізді иеленген марапаттарыңыз айғақтайды. Зейнеткерлік демалысқа шықсаңыз да, аудан ардагерлерінің басын қосып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып келесіз. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық пен береке тілейміз, – деді Мұрат Амангелдіұлы.

Аудан әкімі мерейтой иесінің иығына шапан жауып, Алғыс хат табыс етті.

Маусымның шуақты күнінде мерейлі жасқа толып отырған Максим Жаншаұлы көрсетілген құрметке ризашылығын білдірді.

Қабылдауда еңбек ардагерлері Дәулетжан Жақсыбаев пен Бақтығали Қоспаев, Шәмшия Жиенбаева, әріптес інісі Марат Әбдуғажиев, аудандық білім беру бөлімінің ұжымы және аудандық балалар және жасөспірімдер туризм орталығының өкілдері құттықтап, ізгі тілектерін жеткізіп, сый-сияпаттарын табыс етті.



\*\*\*

Мемлекеттік қызметші күніне орай дәстүрге сай салада ұзақ жылдар адал еңбек еткен ардагерлерге құрмет көрсетілді.

Аудан әкімі аппаратының басшысы Айбат Төлегенов алдыңғы буын өкілдері Қайыржан Елешев пен Орынбасар Жексенбаевтың шаңырағында болып, аудан әкімінің құттықтау хатын табыстады. Сонымен қатар иықтарына шапан жауып, құрмет көрсетті.

Қайыржан Шарапиұлы зейнеткерлікке шыққанға дейін Жамбыл ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосты.

Ал Орынбасар Нығметұлы Тайпақ ауылдық округі әкімі аппаратында бас маман ретінде ұзақ жылдар жемісті еңбек етті.

– Сіз секілді ағаларымыздың адал еңбегі мен маңдай тері – бүгінгі ұрпаққа әрдайым өнеге. Құрметіміз толастамайды, – деді жылы жүзdes барысында Айбат Алматылы. Ардагерлер де ыстық ықыласын арқалай келген ізбасарларына батасын беріп, халыққа қызмет жолында жемісті қызмет тіледі.

Әсем ЕСБЕК

► 6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ, МЕМЛЕКЕТ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Кезінде жұртымыздың бақытын көздеп күресумен өткен Әлихан Бөкейханов: «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұл-қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш-Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау», – деп жазыпты. Сол Қараөткел, яғни қазіргі елордамыз аумағы ел орталығына лайықтылығын баяғыда-ақ сезіп, білгендердің айтып кеткеніне бүгінде таңғалмау мүмкін емес. «Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді», – деп те ата-бабаларымыз бекер айтқан ба?! Әрине, отарлаушы жүйенің құрсауында болған заманымызда өз қалауымызбен астана орнатуға қайдан жол берілсін. Тек азаттығымыздың арқасында соған қол жеткіздік.

Иә, бұрынғылардың арманы орындалды. Есіл өзенінің жағалауында тұтас жаңа қала көтерілді. Жер жүзіндегі ең жас әрі футуристік сипаттағы елорда о бастан шапшаң салына бастағандықтан, көп ұзамай-ақ, дәлірек айтқанда, 1997 жылдың 10 желтоқсанында астаналық құқығына кірісті. Батыс пен Шығыстың озық үлгілері өте ықтиятты ұштасқан, өзінің бірегей архитектуралық туындылары ғана емес, мемлекеттік философиясы, стратегиялық ұмтылысы айрықша танылған шаһар қазақстандықтарды айтпағанда, шетелдіктерді сүйсіндіріп келеді. Бірінші Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың батыл шешімімен Еуразия кіндігінде жаңа астананың салынуы жайында шетелдік көптеген журналист, қаламгер таңғалып жазды. Мысалы, белгілі орыс жазушысы Сергей Плеханов бұрынғы Целиноград, кейін Ақмола деп аты өзгертілген қаланы, табиғаты қатал далалық өлкені мүлдем өзгертіп, түлетудің небір қиындық нәртәуекелмен ысырылғанын «Жібектей есілмеген жол» атты кітабында баяндай келіп, былай дейді: «...көптеген ғимараттың эскиздерін Назарбаев нобайлаған және оларды қалада жұмыс істейтін көптеген кәсіби архитектор негізге алған. Көптеген жобада Президент енгізген өзгерістердің ізі бар... Алғашқы кезеңде «Бәйтеректі», Бейбітшілік және келісім сарайының шыны пирамидасын, «Хан Шатыр» сауда ойын-сауық орталығын нобайлаған Норман



Фортер секілді тарландар конкурсты жеңіп жүрсе, уақыт өте келе маңызы басым ғимараттардың көбінің авторы Қазақстанның жас архитекторлары болып жүр».

Қазақстанның жеңісі, жұртымыздың жеңісі, әр кірпішін қалаған азаматтарымыз жеңісі ұлы мәртебелі Тәуелсіздігіміздің іргетасы нығаюымен бірге Арқа төсінде Отанымыздың жүрегі соғып тұруына жеткізді. Қысқа мерзімдік тарихына қарамастан, әуелде ыңғайлы залдары да, мейманханалары да жоқ жерді содан былай талай ел көшбасшылары, саясаткерлер сенімді диалог алаңы ретінде мойындайды. Экономикалық күрмеулі ірі мәселелердің түйінін тарқататын орталыққа айналса, солай болмай ше. Экономикалық, қаржылық форумдарда тың пікір-пайымдар ортаға салынады. Еліміз өңірдегі негізгі транзиттік хабқа айналуға, Орталық Азияда экономикалық локомотив қызметін атқаруда. «Батыс пен Шығыстың арасындағы көпір», «Даналық қаласы», «Бейбітшілік орнатушы» деп сипатталуы тіпті тегіннен тегін емес. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің 2003 жылдан бері ұйымдастырылуы еліміздің беделін нығайтты. 2017 жылы ЭКСПО халықаралық мамандандырылған көрмесін сәтті өткізуіміз де қайтарымын беруде. Өңірлерімізде «Жасыл энергетика» жобалары жүзеге асырылуда.

Бас шаһарда медициналық туризмге қолайлы емханалар кластері, халықаралық стандартқа сай білім беру жүйесі қалыптасты. Өркениетке құтты қадамның мұндай мысалдары жетіп жатыр. Атақты Макиавелли былай депті: «Қандай

мемлекеті болмасын, тыныс-тіршілігі орталықтан бастау алуы тиіс. Елдің шеткері аймақтағы ірі қаласынан гөрі тура кіндігіндегі мекен алғашқыда көзге қараш, елеусіздеу, жұпыны болып көрінеді. Бірақ келе-келе зор күш-қуатқа ие болып, мемлекеттің темірқазығына айналады...».

Егемендігімізге тіпті санаулы жылдар өткенде, дағдарыстың өзінде-ақ бізде осылай болды. 1927-1997, яғни 70 жыл астанамыз болған, Тәуелсіздігіміздің алтын бесігі Алматыда 1981 жылы миллионыншы тұрғын дүниеге келген еді. Ал Есіл бойындағы бұрынғы провинциялық мекенді заманауи мегаполиске айналдыру шеруі басталғаннан мұнда кәсіпкерлікте, білім беруде, мәдениетте, т.б. салада өздерін сынап көруге ағылғандар, әрине, толастамады. Сондықтан азаттығымызға ширек ғасыр өткенде жаңа шаһарымыз бен Шымкент те миллиондық межеге жетті. Міне, тіршіліктің күретамырына қан жүгіру, экономика тетіктері шоғырланған драйвер, көркемдіктің көз тартқан өрнектері деген осы.

Бағамдасақ, Отанның жарқыраған жақұтын, бас төрін орнату қазақтың өз алдына өте күрделі мақсат қойып, оны табандылықпен орындай алатынын көрсетті. Адам білек түріп жіберсе, ерік-жігермен серпілсе, ынта-ықыласпен құлшынса, тауды да тесетіні мәлім. Досты сүйіндіріп, дұшпанның мысалы болатын іс тындыру қолдан келетінін уақыт үсті-үстіне дәлелдеп келеді. Жаңа елордамыз бен қазақстандықтар тағдыры біте қайнасып кетті. Барлық елді мекен, қалалар Сарыарқа төсіне қарап бой түзеуде. Даңқты бас шаһарымыздың ғаламат кезеңімен бірге Ұлы

Даламыздың тарихын әбден түгендеу қолға алынды. Айталық, мәдени мұраларымыз, мысалы, «Хандар шежіресі» атты бірегей қолжазба әлемдік деңгейде мойындалып отыр. Мұнда ел билеген тұлғалар, соның ішінде Алтын Орда кезеңін қамтыған құнды мәліметтер бар. Жошы ұлысы алғашқылардың бірі болып жаһандық нарық қалыптастырып, сол арқылы бүкіл аймақтың дамуына жол ашқан. Мол зияткерлік және рухани дәстүрі, ұтымды басқару институттары болған. Осы алып өркениеттің қыр-сыры ашылуға. Том-том басылымдар дүниеге келуде. Президент резиденциясының Ақорда атауынан-ақ бағзыда ақ шатырлары айбынды көрінген дала әмірлерімен сабақтастық идеясы әйгіленіп тұр емес пе?! Бай шежіремізді оқып-үйреніп, оны мақтаныш ету ғана емес, біліммен, еселі еңбекпен бабалар даңқына даңқ қосуымыз керек. Ғасырлар қойнауынан зерттеулер, дүние жүзі архивтеріндегі көне құжаттарды алдыру, сөйтіп, кітап, оқулықтар шығарудағы түпкі мақсат сол болып табылады. Ақорда демекші, биылғы 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні, жылдағыдай, байтағымыздың өңірлерінен мектеп оқушыларының үлкен тобына Мемлекет басшысының резиденциясына экскурсия ұйымдастырылды. Осындай мүмкіндік беріліп, ғұмыр бойына есте қалатын күн үшін өрендер жүзінен бақыт алауы жарқырағанын көрдік. Балаларға қарап, Қазақстанымыз үшін мақтандық. Шаңырағы биік, керегесі кең Отанымыздың ертеңгі тірегі, ұлттық шырайлы шежіремізді тың жетістіктермен жазатындар, инновациялық игіліктерімізді молайтатын, елдің бүгінге дейін әлем мойындаған табыстарын еселейтін ұрпақ бұл. ХХІ ғасырдың қаласына тән халықаралық стандарттар дәрежесі, заманауи инфрақұрылымды дамыту, урбанизация үдерісінің күшеюіне сай құқықтық әрі басқарушылық тетіктерді одан әрі жетілдіру – Астанамыздың айшықты өркендеуіне қатысты мұндай сан қырлы межелер орындалуда.

Осындай жасампаздық жолындамыз. Төрткүл дүние Қазақ елінің құтты қадамдарына әлі талай тамсанары кәміл.

**Ескен ШЫРАЙБЕК,**  
*қоғамдық тілші.*

## ХАЛЫҚ ТАҢДАҒАН КОНСТИТУЦИЯ

Сағынғали Сейітов атындағы аудандық кітапханада аудан жастарының қатысуымен «Конституция – ел тірегі» атты дөңгелек үстел өтті. Шараның мақсаты – жастар арасында жаңа Конституцияның маңызын кеңінен насихаттау, құқықтық мәдениетті қалыптастыру және азаматтық жауапкершілікті арттыру.

Кездесуге ауданның белсенді жастары, жастар ұйымдарының өкілдері қатысты. Дөңгелек үстелді аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ерболат Мұхтарұлы ашып жүргізіп, Конституцияның еліміздегі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің берік негізі екенін атап өтті.

Шара барысында Қазақстан Республикасының

Конституциясының шын мәнінде халықтық атануы, оның мемлекеттілікті нығайтудағы рөлі, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғаудағы маңызы жан-жақты сөз болды. Сондай-ақ қатысушылар заң үстемдігі, азаматтық қоғамның дамуы және жастардың қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі туралы пікір алмасты.

Жастар Конституцияның әрбір азаматтың құқығы мен міндетін айқындайтын басты құжат екенін айтып, құқықтық сауаттылықты арттырудың маңыздылығына тоқталды.

Ата Заңды құрметтеу, оның қағидаттарын сақтау және ел болашағына жауапкершілікпен қарау – әрбір қазақстандықтың азаматтық парызы. Дөңгелек үстел соңында қатысушылар осындай ортақ пікірге келді.

**Маржан ЖҮНІС**



## ЕРБОЛАТОВТАР ОТБАСЫ ОБЛЫСҚА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Апта сейсенбісінде «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық іріктеу кезеңінің қорытындысы шығарылды. Байқауды саралаған комиссия мүшелері қатысушы отбасылардың құжаттары мен портфолиоларын зерделеп шықты.

Биылғы байқаудың аудандық кезеңіне Алғабас ауылдық округінен Ерғалиевтер, Будариннен Мұсағалиевтер, Жанабұлақтан Нұрсайыновтар, Көнеккеткеннен Айтқалиевтер, Қабыршақтыдан Ерболатовтар, Мергеннен Қоспаевтар және Чапаев ауылдық округінен Мақсотовтар отбасы қатысты.

Комиссия төрағасы Ерболат Мұхтарұлының айтуынша, үміткерлер ұрпақ сабақтастығы, қоғамдық белсенділігі, отбасы мүшелерінің жетістіктері, ұлттық құндылықтарды дәріптеуі және ұсынылған портфолио мазмұны бойынша бағаланды.

Құжаттарды жан-жақты зерделеу нәтижесінде ең жоғары 15 балл жинаған Қабыршақты ауылдық округінің Ерболатовтар отбасы аудандық кезеңнің жеңімпазы деп танылды. Комиссия шешімімен олар «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының облыстық кезеңіне қатысуға жолдама алды.

**Азамат ҚАНАПИЯ**

## ЖҰБАН ЕЛІНЕН ЖҰБАН КІТАПХАНАСЫНА ТАРТУ

**Батыс Қазақстандағы руханияттың қара шаңырағы саналатын Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық орталық әмбебап ғылыми кітапханасының 155 жылдық мерейтойы аясында Ақжайық ауданы ерекше тарту жасады. «Бас кітапхана – ортақ мұра, ортақ тарих» жобасы шеңберінде өткен «Жұбан елінен Жұбан кітапханасына тарту» атты фестиваль туған өлкенің әдебиеті мен мәдениетін, тарихы мен рухани мұрасын кеңінен насихаттаған мазмұнды шараларға ұласты.**

Орал қаласындағы Ж.Молдағалиев атындағы облыстық орталық әмбебап ғылыми кітапханасында өткен фестивальдің ашылу салтанатына мәдениет саласының өкілдері, зиялы қауым, кітапханашылар, оқырмандар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Шарада аудан әкімінің орынбасары Зәйлім Мәжитова мен облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мәдениет ұйымдарының қызметін үйлестіру және талдау бөлімінің басшысы Гүлмира Қауланова сөз сөйлеп, ақжайық ауданы Жұбан Молдағалиевтің есімін иеленген бас кітапхана мен ақынның туған өлкесі арасындағы рухани байланыс әрдайым үзілмейтінін атап өтті. Зәйлім Исатайқызы кітапханаға аудан атынан сый-тарту, аудан әкімі Мұрат Сердалинің құттықтау хатын табыстады.

Халықаралық айтыс ақындары мен жыршы-термешілер одағының мүшесі, ақын Мейірман Шәкенов жырдан шашу шашып, мерекелік көңіл күй сыйлады. Сондай-ақ әдеби шығармалар кейіпкерлерінің шеруі өтті.

Фестивальдағы ерекше шаралардың

бірі – «Ақжайық өлкем – ғажайып көркем» цифрландырылған көрме-инсталляциясы. Көрмеде ауданның бай тарихы мен рухани мұрасы, әдебиеті мен қаламгерлері тың форматта таныстырылды. Ақжайық ауданы Жұбан Молдағалиевтің өз дауысымен оқылған жыр жолдарымен ашылған көрмеде қазақ әдебиетінің қос алыбы Ж.Молдағалиев пен Сағынғали Сейітовтің шығармашылық мұрасы кеңінен насихатталды. «Сайқұдық саңлақтары» бөлімінде Сайымжан Еркебаев, Шәрифолла Сәниев, Базарғали Қуатов, Бисен Жұмағалиев, Үзілдік Елеубайқызы, Жадыра Шамұратова секілді қаламгерлердің шығармашылығы таныстырылды. Көрменің басты ерекшелігі – заманауи цифрлық технологиялардың қолданылуы. Арнайы гиперсілтемелер мен электронды материалдар арқылы келушілер қаламгерлердің өмірі мен шығармашылығы жөнінде қосымша мәліметтермен танысты.

Жұбан ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған театрландырылған көрме-қойылымда Зеріп ананың ұлына айтқан өсиеті, сондай-

ақ Ж.Молдағалиев пен С.Сейітовтің майдан даласында кездесуі сахналанды. Көрермен ақынның балалық шағынан бастап, сұрапыл соғыстағы тағдырына, елге оралып, «Мен қазақпын» поэмасын дүниеге әкелген кезеңіне дейінгі өмір белестерін бейнелеген қойылымдарды тамашалады.

Мерейтойлық шаралар аясында өткен «JUBAN QUIZ» зияткерлік-танымдық ойынының тақырыбы Ақжайық композиторларының шығармашылығына арналды. Оған Құрманғазы атындағы саз колледжінің ұстаздарынан құралған «Фальшсыз фантастика» командасы қатысып, өңірдің әдебиеті, мәдениеті мен музыка тарихына қатысты сауалдарға жауап берді.

Ал «Жұбан елі: тарихы терең, жыры мәңгі – рухани мұра әлемі» атты әдеби қонақжайға өңірдің ақын-жазушылары мен өнер өкілдері қатысты. Кездесуде бүгінгі әдеби үдеріс, жас қаламгерлерді қолдау және кітап оқудың маңызы жөнінде келелі ойлар айтылды. Кеш барысында ақындар Сағынтай Бисенғалиев пен Мәлік Бердәлі өлеңдерін

оқыса, жуырда республикалық «Мөлдір өлең» жобасына қатысып келген жас ақын Абылайхан Мақсұтов жаңа туындыларын оқып берді. Ақын Айнабек Бисенғалиев кітап оқу мәдениеті туралы ой қозғап, кітапханашылар еңбегінің қоғам үшін маңызын атап өтті. Кітапхана саласының ардагері, жерлесіміз Роза Исатаева, аудандардан әріптестер фестивальді жоғары деңгейде ұйымдастырған ақжайықтық кітапханашыларға жемісті еңбек тіледі.

Шара соңында аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Роза Мұсағалиева Жұбан кітапханасының ұжымын 155 жылдық мерейтойымен құттықтап, қаламгерлер қауымына ақжарма алғысын арнады.

Осылайша, Жұбанның туған өлкесі Ақжайық ауданы облыстық бас кітапханасының мерейтойына мазмұнды тарту жасап, ұлт руханиятының алтын арқауын жалғаған тағы бір тағылымды шараның ұйымдастырушысы болды.

Әсия ШЫРАЙ



### Жайықтың ақмаралы ар ма, Жібек!

Ағайын, Жұбан-Елге Жібек келді,  
Жайыққа сағынышы үдеп келді!  
Көрісіп, көзайым боп қалың елмен,  
Қуантты аңсап жүрген жүректерді!

Пайғамбар пір тұтатын жыр-Жұбанды,  
Жібегі келіп, Жайық бір қуанды!  
Бейнесі аңыз болып көз алдымда,  
Бұл елдің Қыз-Жібек боп тұнды мәңгі!

Айтатын атын, ән қып, шырқап елі,  
Апамыз Ақжайықтың нұр таңы еді.  
Аруағы осы жерде тыныстаған  
Шағырай батырдың ол ұрпағы еді!

Шырқалса жер бетінде қазақ әні,  
Тарихты талай тарлан жазар әлі.  
Жәнібек туған жері болса апамның,  
Ақжайық атакүлдік саналады!

Аман жүр, апа, жырдың көзіндей боп,  
Жырдағы Қыз-Жібектің өзіндей боп!  
Сынығы асыл тастың Меруерттей,  
Жарқыра, хас сұлулық көзіндей боп!

Күн болып көрінетін сағым қырдан,  
Көркімен алты Алашты табындырған!  
Жан апа, Жайығыңа жиі кеп тұр,  
Жолығып, жұртыңменен сағындырған!

**Сағынтай БИСЕНҒАЛИЕВ,**  
Қазақстан Жазушылар  
Одағының мүшесі,  
Ақжайық ауданының Құрметті азаматы

## «ҚЫЗ ЖІБЕК» АҚЖАЙЫҚҚА КЕЛГЕН КҮН



**Қазақ қызы, қазақ әйелі қандай болуы керек дегенде, үлгі-өнеге ретінде зор құрметпен айтатын ардақты аналарымыз аз емес. Домалақ ана, Айша бибі, Ұлпан, Зере аналарымыздың өнегелі өмірі мен парасатты жолы – халқымыздың рухани байлығы, ұрпаққа қалған асыл мұрасы. Сол ізгі жолды жалғап, өнерімен де, адамдық болмысымен де елдің сүйіспеншілігіне бөленген, қазақ қызы, қазақ әйелінің эталоны деуге әбден лайық жанның бірі Меруерт Өтекешева өткен аптада аудан орталығына келіп, жұртшылықпен жүздесті. «Қыз Жібек келді ауылға» атты рухани кеш қазақ өнерінің жарық жұлдызы, Қазақстанның халық әртісі, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері, ел сүйіспеншілігіне бөленген аяулы актрисаның мерейлі 75 жасына**

**арналды.**

Жұбан елі қадірлі қонағын ерекше ықыласпен қарсы алды. Аудандық мәдени-демалыс орталығының фойесінде кең қанатты көрме жайылып, мұнда актрисаның өмір мен өнердегі өнегесін паш еткен туындылар, «Қыз Жібек» жыры, өзге де тәлімді басылымдар қойылды. Кездесуге аудан тұрғындары, ардагерлер, жастар, өнерсүйер қауым мен зиялы қауым өкілдері жиналды.

Сахна төріне көтерілген Меруерт Қаратайқызын көрермендер қалай ұзақ қол соғып қарсы алса, әлемге қазақ әйелінің шынайы болмысын танытқан актрисаның да халыққа ықыласы ерек болғанын атап өткен жөн. 2 сағаттан астам уақытқа созылған емен-жарқын жүздесуде кештің қадірменді қонағы бір тізе бүкпеді. Тік тұрып, көпшілікпен сұхбаттасып, қойылған сұрақтарға ыстық ықыласымен жауап берді.

Кездесу барысында актриса балалық шағы, өнерге алғаш қадам басқан кезеңі,


«Қыз Жібек» фильмінің түсірілу тарихы, жары Құман Тастанбеков, ұлттық кино өнеріндегі тағылымды жолы туралы естеліктерін бөлісті. Қазақ қызының болмысы, отбасы құндылықтары, ұлттық тәрбие мен ана өнегесі жайлы толғаныстары залдағы көпшілікке ерекше әсер қалдырды.

Кеште халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты Данияр Елеуов Шегенің ариясын орындап, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Сағынтай Бисенғалиев арнау жырын оқып, көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйіне қойылған «Сымбат» би ансамблінің әсерлі композициясы да кештің көркін аша түсті. Небары 17 жасында-ақ Қыз Жібектің рөлін сомдап, ұмытылмас сол образ арқылы, инабаттылығымен, нәзіктігімен «қазақ қызының эталоны» атанған атақты актрисаның қарапайымдылығын айтсаңызшы, сахнаға шыққан әр өнерпаз, жүрекжарды тілегін арнаған жандарға «Қыз Жібек» фильмінен кадр бейнеленген ашық хатқа қолын қойып, тарту етті.

Кездесуде аудан әкімі Мұрат Сердалиев сөз сөйлеп, Меруерт Өтекешеваның қазақ мәдениеті мен руханиятына қосқан өлшеусіз үлесін ерекше атап өтті. Сондай-ақ ол «Қыз Жібек» фильмінің тұтас бір ұрпақты адалдыққа, тектілікке, сұлулық пен парасатқа тәрбиелегенін айтып, мерейтой иесіне қазақы дәстүрмен ақжайықтықтар атынан ат мінгізді.

Әлия ШАРАПИЕВА

## САРҚЫЛМАЙДЫ ТУҒАН ЖЕРГЕ СЕЗІМІМ



*Қайырыл Бактияр – жырды көңіліне жұбаныш, өміріне серік еткен ақын. Ауданымыздың Қарауылтөбе ауылында дүниеге келген ол бала кезінен өлеңге құмар болып өсті. Бесінші сыныпта жазған «Анама» атты тұңғыш өлеңінің аудандық газетте жарық көруі ақындық жолының алғашқы қадамы еді.*

*Ақын адам жанының нәзіктігін, уақыттың өткізінділігін, туған жердің қасиетін, әйел-ана сырғын тақырыбының арқауы еткен. Оның жырларынан адамдық, туған жерге деген сағыныш, толғаныс пен шынайы сезімнің лебі еседі.*

*Өткен жылы жарық көрген «Қыз ғұмыр – күз ғұмыр» жыр жинағы ақынның ішкі әлемін, тағдыр мен уақыт туралы терең толғанысын оқырманға кеңінен танытты. Бүгін «Жыр-жалын» бетінде тайпақтық ақынның бірнеше өлеңін оқырман назарына ұсынамыз.*

### АДАМДЫҚТЫҢ АҚ ТУЫ

Адамдықтың ақ туы жырым-жырым,  
Жойғандай ма япырау, құнын бүгін?  
Ер алдынан өтетін төменшектеп,  
Бұзылғандай сүйкімі бұрымдының.

Адамдықтың ақ туы жырым-жырым  
Әкені өзі туғандай ұлың бүгін.  
Кесек-кесек сөйлейді тіке қарап,  
Қайда әдеп, ибасы бұрынғының?

Адамдықтың ақ туы жырым-жырым,  
Адыра қап барады сының бүгін.  
Сөзі өтпеген қария күрсінеді,  
Арғымақтай аңсаған құлын күнін.

Адамдықтың ақ туы жырым-жырым,  
Ақиқаттың аша алмай шымылдығын.  
Арсыздар жүр ақшамен атақ жинап,  
Бал арадай гүлдерден жиған шырын.

Адамдықтың ақ туы жырым-жырым,  
Өрге баспай дарыны білімдінің.  
Мәстегі жүр ақымақтың оза шауып,  
Құлқынына құйғасын «жырындының».

Адамдықтың ақ туы жырым-жырым,  
Сезіне алмай қылыштай шының жүзін.  
Ұрпақ көші барады сол ағыспен  
Қасіретіне айналып бүгінгінің...

Адамдықтың ақ туы ...жырым - жырым ....

### ӨЗІМ ЖӘЙЛІ

Жүрсем-дағы бір жығылып, бір тұрып  
Көкірегімде жатыр аппақ нұр тұнып,  
Адамдықтан адастырма, жаратқан,  
Ездерге ұқсап қалмайыншы тұншығып.

Жүрсем-дағы бір жығылып, бір тұрып,  
Босаңсыған көрсетпегіпін бір қылық.  
Шер тарқатып егілетін сәттерде,  
Жұбаныппын, жалын ата күрсініп...

Жүрсем-дағы бір жығылып, бір тұрып,  
Көңіл төрім жадырап тұр күн шығып.  
Көптің бірі болсам-дағы, көңілім  
Асқақтап тұр зеңгір көкке ұмтылып.

Жүрсем-дағы бір жығылып, бір тұрып,  
Отыра алман кісімсініп іркіліп.  
Өзім деген пасықтарды жек көрем,  
Сыздықтатып сөз сөйлейтін зілсініп...

Жүрсем-дағы бір жығылып, бір тұрып,  
Жалықтырмас мені мынау тіршілік.  
Ей, адамдар! Жер бетінде мен үшін  
Өмір –өлең, тек осыны жүрші ұғып.

### ТУҒАН ЖЕРІМ – ЖҰБАН ЕЛІ

Туған жерім – Жұбан елі, жыр елі,  
Сол киелі елдің мен бір түлегі.  
Арқалы ақын, абыздардың мекені,  
Жырақ кетсем, көкейімде жүреді.

Алақанға тосып жақұт жаңбырын,  
Жалаң аяқ кешіп жуа, шалғынын.  
Бір құпия сыр ашатын жаным  
Бөктердегі қызыл өртең әр гүлің.

Құдіретті тылсым күшке бағынып,  
Сағыныштың сары моншағын тағынып.  
Аунап қунап барып қайтсам өзіңе,  
Алаң күйден қалам бір сәт арылып.

Қызыл алау күн шапағы төгілген,  
Қыраттарға Көкшедей боп көрінген.  
Жүгіруші ем таңғы шыққа малынып,  
Тарқатылып қос бұрымым өрілген.

Саған деген іңкәрімен жүректің,  
Әр тасыңды, әр гүліңді жыр еттім.  
Алыстасам аңсарымен көңілдің,  
Талай таңды кірпігіммен күзеттім.

Жаса, менің туған өлкем, өңірім,  
Көктем еткен көңілімнің көрігім.  
Жер бесікке жеткенімше бойымда  
Сарқылмайды саған деген сезімім.

### ЖЫР -СЕРІГІМ

Тұрақ еттің еншілеп жүрегімді,  
Мен түсінбей жүргенде бұл өмірді.  
Бір өзіңнен таптым ау, беу, жыр-көктем,  
Күз тоңдырып жүргенде бір емімді.

Досым ба едің, қиналсам сырласатын,  
Ақтарылып кей сәтте мұң басатын?  
Селкеу сезім жанымды шабақтаса,  
Арайсың ба, сәуле боп үн қосатын?

Таппай жүрдім өзіңді, мекеніңді,  
Түн дөңбекшіп, суытып төсегімді.  
Ұя салдың жүрекке, ей, жыр-көктем,  
Қайтарма енді, өтінем, меселімді.

Теңізіңе бір батып, бір шығайын,  
Толқыныңа құмартып тұншығайын.  
Дертім өзің, жанымға шипа берші,  
Сілкінейін, өмірге құлшынайын!

### ТУҒАН ҮЙ, САҒАН МЕН КЕЛДІМ

Мен келдім саған, туған үй, саған мен келдім.  
Қалаушы едім биік тұрғанын еңсеңнің.  
Тозығы жеткен, көртейген көріп түрінді,  
Бір өксік қысып өзегім от боп өртендім.

Есіме түсті бәрі де бәрі – күрсіндім,  
Көзімнің жасын сұрттім де бір сәт іркілдім.  
Тындашы, тыңда, туған үй, менің сарытап  
Сағыныш күйін жүрегімдегі дүрсілдің.

Қараша үйім, Көкшедей маған көрікті,  
Тұрсың ба танып өзінде өскен елікті?  
Әжімдер торлап, жамалым бөздей суалған,  
Маған да уақыт өзінің сыйын беріпті.

Орынын ылғи толтырып тұрар олқымның,  
Тәтті естеліктері бал күннің.  
Асыр сап жүрген тентексал кезім елестеп,  
Ағытты селін көңілімдегі сан күйдің.

Қарсы алатындай әкешім менен анашым,  
Үңілем келіп жақтаудың қысып ағашын.  
Бәрі де қиял, көрсем-ші деген бір арман,  
Кезіп жүр әлі үміттің үзік жағасын.

Босағам менің, алтауымыз өскен босағам,  
Өзіңді көріп көңілімді қайтем босағам.  
Үйінді болып шөгіп кетпей әлде де,  
Қалқиып тұршы көргенше қайта қош аман!

### ХАЛІҢ ҚАЛАЙ?

Халің қалай, мен танитын, мен білетін бір адам?  
Бір адамның ішінде мен білмейтін, танымайтын жүр  
адам.

Тонның ішкі бауындай боп жүргенмен,  
Кездерің көп мені сырттай сынаған.

Сырын ұқпай ниетіммен құлағам,  
Аңғырттықпен талай сөзін құп алам.  
Күдер үзіп кеткім келсе кей сәтте,  
Періште емес, пендемін деп жұбанам...

Сапарластар ғұмыр сапар көшінде,  
Ойланайық таяп қалдық бесінге.  
Жалғандықпен өмір кешіп қайтеміз,  
Келгеміз жоқ мәңгі тірлік кешуге.  
Адамдар бар сеніміңе кіргенмен,  
Батылы жоқ бетпердесін шешуге.

### НЕНІ КӨРДІМ?

Нені көрдім? Сұрама, досым, сен менен,  
Тірлігім жоқ бөле жарар өзгеден.  
Жұмыр жерде мен де жүрмін күндікше,  
Мәңгіліктің тізіміне енбегем.

Нені көрдім? Жанарымда көп елес,  
Мынау тірлік, өмір деген төбелес.  
Бірі қайғы, бірі шаттық сыйлаған,  
Жандарым бар өмір сапар кемелес.

Нені көрдім? Періште боп жаралып,  
Өтіп кетті-ау бәйкүнә шақ, балалық.  
Алдау, арбау, жалғандықтан тұратын,  
Тар дәуірде қалдым бүгін қамалып.

Нені көрдім? Дүбірлеген дүние  
Күрсінеді жалғандығы біліне.  
Пенделері азып-тозған ел көрдім,  
Құлақ аспас бір бірінің үніне.

Нені көрдім? Ашкөз көрдім тоймаған,  
Халқын емес, құлқын қамын ойлаған.  
Отандасы нанға жүрсе жарымай,  
Доллар шашып туған күнін тойлаған.

Ана көрдім қарс айырылған өзегі,  
Нала-мұңы жан жүректі езеді.  
Қарттар үйін мекен етер жаутаңдап,  
Келмес кеме жеткенінше кезегі.

Қызды көрдім омырауы жалаңаш,  
Өз тойында еш әбестік санамас.  
Сыңсу айтып әншілер жүр ұзатып,  
Ақша үшін ар-ұятқа қарамас.

Казинода құмар ойнап кезекте,  
Ұлдарым жүр тірлігі жоқ бозөкпе.  
Қызды көрдім шаранасын лақтырып,  
Ақша көрсе, жалаңдаған жезөкше.

Жүрегі тас әке көрдім оңбаған,  
Нәпсіқұмар өз перзентін қорлаған.  
Билігі жоқ биді көрдім пұл үшін,  
Қылмыскерді жазаламай қолдаған.

Езді көрдім жарын қорлап өлтірген,  
Аманаттан тайып берген сертінен.  
Өз қолымен жетім қылған ұл-қызын,  
Азғындық пен топастықтың дертінен.

Нені көрдім? Көк бөрінің ұрпағы,  
Жауға шапқан, ұрандаған сұңқары  
Алауыз боп, іштен іріп жатқанда,  
Қайран жұртым, кімге үміт артады?

Нені көрдім? Досым қайда жанашыр?  
Қолдап жүрер мені әркез жаны асыл.  
Бір биікке көтерілсең, таппайсың,  
Күншілдіктен түсірген ау бағасын.

Көреген көз көрер, бәрін көресің,  
Шарасыздан бәріне де төзесің.  
Зар заман бұл шыңырауға құлаған,  
Ойлап кетсең, қабырғанды сөгесің.

Төрткүл дүнием астан-кестен бүлінген,  
Соны көрдім перде таққан жүзіңнен.  
Сырты әдемі, іші бықсық жалғаннан  
Шындық іздеп кездерім көп түңілген.



## ӨНЕРЛІГЕ ӨРІС КЕҢ

**Ауылда жүргенде кей адамдардың бір емес, бірнеше өнерді қатар меңгергенін көріп, таңғаласың. Сондай жандардың бірі – Есенсай ауылындағы ұстаз, суретші, қолөнер шебері Жанболат Бөкеев.**

Жанболат Аманшаұлы 1979 жылы Есенсай ауылында қарапайым еңбек адамдарының шаңырағында дүниеге келді. Әкесі Аманша ұзақ жылдар маңдай терімен нәпақасын тапқан еңбек адамы болса, анасы – бала тәрбиесіне бар ғұмырын арнаған жан. Осындай қарапайым отбасында өскен бала жастайынан білімге де, өнерге де құштар болды.

Қылқаламға деген ықыласы мектеп қабырғасында-ақ оянды. Бесінші-алтыншы сыныптан бастап сурет сала бастаған жасөспірімнің бұл әуестігі кейін өмірлік кәсібіне айналды. Мектепті тәмамдаған соң, Махамбет Өтемісов атындағы жоғары оқу орнының көркем-сурет факультетіне оқуға түсіп, жоғары білім алды.

Кейін туған ауылына оралып, Есенсай орта мектебіне жұмысқа орналасты. Содан бері табан аудармастан ширек ғасырдан астам уақыт шәкірт тәрбиелеп келеді. Бүгінде оның еңбек өтілі жиырма алты жылға жуықтады.

Жанболаттың қолынан шыққан суреттер талай жанды тамсандырды десем, артық айтқаным емес. Ол салған ұлы тұлғалар – Абай Құнанбайұлының, Ахмет Байтұрсынұлының, Жұбан Молдағалиевтің портреттері кезінде жоғары бағаланып, облыс әкімдігінің Құрмет грамотасына, аудан әкімінің Алғыс хатына және ақшалай сыйлықтарға ие болды. Айнытпай салынған сол портреттер бүгінде мектептің төрінде тұр.

Бірақ Жанболаттың өнері көркемсуретпен ғана шектелмейді. Ол – ұлттық қолөнердің де жанашыры. Жақында аудандық «Қамшы өру» байқауында бірінші орынды жеңіп алып, облыстық сайыста үшінші орынға ие болды. Елтаңбадағы қанатты пырақтың бейнесін тасқа қашап, ерекше туынды жасағаны үшін де облыстық деңгейде марапатталған.

Ұстаздың тағы бір қыры – адамгершілігі. Қазіргі уақытта төсек тартып жатқан әкесіне жұбайы Айгүл екеуі ерекше қамқорлық көрсетіп отыр. Қарт әкені жас балаша мәпелеп, күтімін жасап келеді.

Жанболат пен Айгүл – бес бала тәрбиелеп өсіріп отырған өнегелі отбасы. Жұбайы Айгүл де ұстаздық жолды таңдаған – бастауыш сынып мұғалімі. Екеуінің ұл-қыздары да – білімге құштар, озат оқушылар.

Қазақта «Өнерліге өріс кең» деген сөз бар. Әрі суретші, әрі ісмер Жанболат Бөкеев осы сөздің ақиқат екенін өз талант, дарынымен, іскерлік қабілетімен дәлелдеп жүр.

Осындай азаматтар барда ұлттық өнердің де, ұлттық рухтың да шамы сөнбейтіні анық. Өйткені елдің ертеңін тәрбиелейтін де, өткеннің мұрасын кейінгіге жеткізетін де – осындай қарапайым, бірақ дарынды жандар.

**Мерует ҚАУЫМБАЕВА,**  
қоғамдық тілші,  
ауылдық ардагерлер кеңесінің төрайымы  
**ЕСЕНСАЙ**

## ТАЗАЛЫҚ – ТҰНЫП ТҰРҒАН ТӘРБИЕ

**«Таза Қазақстан» акциясы қолға алынғалы бері тазалық, абаттандыру туралы көп айтылып жүр. Ал осы тазалық дегеніміз түсіне білгенге бір күндік сенбілік те, көше бойына шығып, қоқыс теріп кету де емес. Бұл ұғымның ауқымы тіптен кең. Ол әр адамның өз табалдырығынан, өз ауласынан, өзі еңбек ететін мекемеден басталады.**

Бүгінде аудан орталығындағы Сағынғали Сейітов атындағы аудандық кітапхананың ауласына көз салған жан осы сөздің растығына еріксіз иланады. Жайқалған гүл, күтіммен баптап өсірілген ағаштар, субұрқақ – осындай көрініс көз сүйсіндіреді. Мұның бәрі – осы мекемеде қызмет ететін жандардың күнделікті еңбегінің жемісі мен туған мекен ажарына шынайы ықыласы.

Кітапхана – руханияттың ордасы. Ал руханияттың ордасы көрікті, таза, жинақы болмаса, оның қадірі де кеми түседі. Себебі кітап іздеп келген оқырман мұнда тек ақпарат алуға емес, жанын байытуға, бір сәт дамылдап тынығуға келеді.

Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Роза Мұсағалиева да осыған ерекше мән береді.

– Оқырман кітапханаға келгенде өзін жайлы, таза, әсем ортада жүргендей сезінуі керек. Біз қолдан келгенше сондай жағдай жасауға тырысамыз. Бұл жұмыс бір ғана аудандық кітапханада атқарылып жатырған жоқ. Ауылдық кітапханалардың да аулалары абаттандырылып, гүл егіліп, көркейтілді. Өйткені кітап оқитын, рухани дүниесі бай адам сұлулықты сүйеді, тазалықты бағалайды. Сондықтан мен тазалық тұнып тұрған тәрбие деп түсінемін. Біздің оқырмандарымыздың да өз үйінде, өз ауласында, өз жұмыс орнында тазалыққа жаны құмар екеніне сенеміз, – дейді ол.

Расында, жаны таза адамның айналасы да жып-жинақы таза болады. Гүлге сүйсіне алмайтын, жасыл желекті аяламайтын, өзі отырған жерді қадірлемейтін жаннан үлкен жанашырлық күту қиын.

«Тазалық – иманның жартысы» дейді халқымыз. Оның үстіне тазалық – мәдениет, тазалық – тәрбие, тазалық – Отанға деген сүйіспеншілік.

Бүгін кітапхана алдындағы бір тал гүлге су құйған жан ертең туған жерінің тағдырына да бейжай қарамайды. Бір түп ағашты аялай білген адам елдің де ертеңін ойлайды.

Сондықтан «Таза Қазақстан» акциясының шынайы мәні де осында болса керек. Әркім өз үйінің ауласын, өзі еңбек ететін мекемені, өзі тұратын көшені көркейтсе, тұтас ауыл көркейеді. Ауыл көркейсе, аудан ажарланады. Ал ажарлы елге – оған жанашыр азаматтардың шағын Отаны.

Лағыл АҚЫҚ



▶ **ӨЗЕКТІ**

# АҚЫЛ-ЕСТІҢ ЕҢ АЗУЛЫ ТАЖАЛЫ

Есірткі нәубеті, әрине, ел қауіпсіздігіне қатер төндіреді, саясидіні экстремизмді таратумен, қарулы жанжалдың орын алуымен бірдей есептеледі. Сондықтан бұл тажалмен күреске тұтас қоғам болып атсалысу керек. Елімізде соңғы кезде есірткі айналымына тосқауыл күшейтілді, оны өндірушілерге жаза қатайтылды. Халықаралық есірткі контрабандасының жолын кесу мақсатында шартараппен бірлескен кешенді, мобильді қам-қарекет бар. Соның бәрі мемлекетіміз үшін қаншама жүктеме, қаншама қаржыға түсіп отырғанын сезу түк қиын емес. Ал қауіпке қарсы жұрт болып қырағылық таныту қажеттігі тіпті өткір сұранып тұр.

Есірткі торына түсу әп-сәтте...  
Нашақорлыққа шалдыққандардың басым көбі – өрімдей жастар. Елде мектептерде, басқа да оқу орындарында, өкінішке қарай, әлдебір «пысықтардың» «доза» сатып, таратулары ұшырасып қалады. Мұндайлардың насихаты баяғыдан белгілі: «Тым болмаса, бір рет дәмін тат. Ұнамаса, тастай сал». Бірақ бір реттің өзі сол уға тәуелділікке жеткізіп тынатыны да ежелден мәлім. Сөйтіп, келесі қолдануға құмарту, қан тамырына инемен инъекция жасауы да... Одан әрі сатып алу үшін ақша іздеу, ұрлық, тонау... Содан әрі ең әуелі мидың ауруы, сосын психиканың созылмалы, рецидивті кеселі. Шаш-етектен зиянды тізе берсің, қапелімде шетіне жетпейсің.

Ал әлгіндей «саудагерлердің» (ауылдағы, қаладағы, түнгі клубтардағы, күрежолдар бойындағы, т.б.) көздегені – әрине, қалталарын қампайтын, тайраңдап жүру. Ондайлар өздерінің сыннан өткен алармандарынан басқа ешкімнің көзіне түспеуге шебер. Отбасыларында түзу тәрбие алмай жүрген бұзық, айналасына немқұрайды балаларды аңдиды. Ақ пен қараны ажырата алмайтын, яғни жасының өтпелі шағындағы жасөспірімдерді іздейді. Үйдегі жиі-жиі ұрыс-керістен әке-шешеге көңілі суығандар әлгілердің тұзағына ілініп жатады.

Сатармандар міндетті түрде табысы жеткілікті, дәулетті отбасының ұл-қыздарын торуылдайды. Баршылықтың кәдірін білмей, «тың» қызықтар іздегендер аз ба?... «Қарыны тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» деп Абай бабамыз тектен тек айтқан ба?

Тажалды таратушылардың табиғи өсімдіктерден не синтетикалық заттардан жасалған пәлелерді жасырын қойып кететін «шабармандары» болады. Тұтынушылары сондай жасырын орындардан алып тұратын белгілі сағаттары бекітілген. Жатқан бір схема. Құпия.

Тағдырлар тақсирет тартпасын  
Албырттықпен кесел құрығына ілігіп, ақыры нашақорлар қатарына қалай қосылғанын білмей қалып, өмірін қор еткендер мың-мың: ұйқысыздық, сандырақтау, елес көру, шошыну, түс бұзылуы, жүрек-қантамыр, бауыр, бүйрек аурулары. Көп ұзамай ажал есектен сығалайды, не өзіне өзі қол салады. Көк аспаннның күңіренуі ғой бұл.

Бетін аулақ. Бірақ «Жаман айтпай, жақсы жоқ» дегенді естен шығару жағынан мықтылығымыз басым. Анашашы «крутойлардың» өзгерлерге өктемдік жүргізіп, еліктіріп, тіпті қысым көрсетіп, соңына ілестіруі әбден ықтимал. Солай жасап та жүр.

Мамандарды, зерттеушілерді тыңдасақ. Егер жеткіншек үйдегілерден үсті-үстіне ақша сұрап, бір уақыт аралығында сытылып бір жаққа кетіп қалып жүрсе, бірдеңені бұлдіргендей салы суға кеткендей күйде болса, үсті-басын қаси беру синдромы байқалса, мінезінде құбылмалылық, тез ашулану аңғарылса,

демек, ең азулы дұшпанға тап келгені бұл.

Бір шырмалған жанның бұдан құтылуы қиын-ақ. Құрдымға сүйрейтін құмартудан құтқаруды ата-аналар бастап, мұғалімдер қостап, жұрт болып ағарту жұмыстары жүргізіліп жатады. Бұдан нәтиже, қайтарып қайткенде күшейетінін салмақтау өте қажет. Көп ретте статистикалық қорқынышты есеп, көрсеткіштер баяндалады. Ең бастысы осы ма? Жеме-жемге келгенде, баланы сақтайтын жанұясы екенін әке-шешелер, біз, ұғынуға тиіспіз. Мұғалім, дәрігерлер, басқа да үлкендер ұл-қызға үгітті ғылыми терминдермен жүргізуінің тиімділігі аз. Мұны зерттеушілер айтып келеді. Насихат қарапайым тілмен орын алғаны абзал. Ағартуда нашаға тәуелділіктен және есірткі қылмысына араласудан тауқымет кешкендер туралы деректі фильмдердің ұтымдылығы зор: айтпай-ақ бәрі айқын, бәрі түсінікті. Ендеше, көп сөздің керегі жоқ. Оқушы, студенттерге қысқаша түйіндерімен шығарма жаздыру жеткілікті шығар мүмкін. Басқа да ізденіс, жаңа механизмдер керегін уақыт ұсынуда.

Есірткі сататындар, криминалды топтардан қорғаныс тақырыбына мәдениет қызметкерлері, көркемөнерпаздар, білім бөлімі, полиция сахналық қойылымдардың жиілеуіне мүдделілік танытса, бастамалар көтерсе, құба-құп. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» ғой! Қырағылық қалғымасын.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң есірткі өндірісі үшін ғана емес, қызметтік жағдайын пайдалана отырып, осы қылмыстық әрекетке баратын лауазымдылардың да жауапкершілігін едәуір қатаңдатты. Бұл қылмысқа қатысы барлар мүлкі тәркіленіп, 15-20 жылға дейін немесе өмір бойына бас бостандығынан айырылады. Ал «өнімді» жасырын орналастырушылар 5-8 жылға дейін, егер кейін сол әрекетке тағы барса, 7-12 жылға дейін түрмеде болуға жазаланады (екі жағдайда да мүлкі тәркіленеді). Прекурсорлар, күшті әсері бар заттардың (металлургия, фармацевтика, химия, т.б. салаларда қолданылатын) заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік жан-жақты қарастырылған.

«Синтетиканың» әсерін күшейту үшін медициналық препараттарды пайдалануды есірткі бизнесінің «өкілдері» өте жақсы біледі. Сұраушыларға дәрілік сондай заттарды рецептсіз бере салғандар бұрын тек әкімшілік жауаптылыққа тартылатын. Енді – қылмыстық жауапкершілік.

Заңнама атаулы, әрине, ешкімді қорқытуды, үрейлендіруді көздемейді. Ескертеді, қаперлейді. Жаудан да, даудан да ел іргетасы мүжілмеуінен сақтандырады.

Нағыз дүлей дұшпан, яғни адам баласының ағзасын психологиялық әрі биологиялық тұрғыдан жалмап, рухани-элеуметтік азғындыққа, сосын-ақ өлімге апаратын нашақорлыққа жоламаудың бір ғана жолы бар. Ол – оны тұтынбау.

Сол дертті таратушылар қаншама жерден сұмдық айлакер болса да, заңның қақпанына түсіп жатыр?! Солай болуға да тиісті. Алайда мына дүниеде адамзатқа апат әкелуді көздейтін есуастық жетіп жатыр. Қырағылық бір сәтке де бәсеңдемегені жөн. Бұл жарық дүниенің жанарын жаппау деген сөз. Өмірді қасіреттен арашалау деген сөз. Жерімізге ие болуға тиісті жас ұрпақ қыршынынан қиылмасын деген сөз.

Мемел АЙЖАРЫҚ

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Айдана» ЖШС, ҚР Экологиялық кодекске сәйкес, 2026 жылдың 14 шілдесінен 2026 жылдың 20 шілдесіне дейінгі аралығында Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында (<https://ndbecology.gov.kz>) «БҚО, Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылдық округі, Шабдаржап ауылы, Д. Ғұсманов көшесі №177А мекенжайы бойынша орташа жол жөндеу жұмыстары кезінде RD130X асфальт арластырғыш қондырғысын (АБЗ) орнату» жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. Жобаға тапсырыс беруші: «Айдана» ЖШС, мекен-жайы: БҚО, Орал қ., Жуков көшесі, 15, БСН 910740000371, e-mail: aydana.kz@mail.ru, 8(7112) 50-67-06.

Қоршаған ортаны қорғау бөлімінің әзірлеушісі: «Техбұлақ» ЖШС, мекен-жайы: БҚО, Орал қ., Сарайшық көш. 44/3, БСН 111240020185, e-mail: tekbulak@mail.ru, 8 (7112)50-30-46.

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық порталында және «Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy/activities/directions?lang=ru>, «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Айдана», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что с 14 июля 2026 года по 20 июля 2026 года на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (<https://ndbecology.gov.kz>) будет проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения «Установка Асфальтобетонной установки RD130X (АБЗ) на период среднего ремонта автомобильной дороги по адресу: ЗКО, Акжаикский район, Тайпакский с/о, пос. Шабдаржап, ул. Д. Гусманова №177А». Заказчик проекта: ТОО «Айдана», адрес: ЗКО, г. Уральск, улица Жукова 15, БИН 910740000371, e-mail: aydana.kz@mail.ru, 8(7112) 50-67-06. Разработчик Раздела «Охраны окружающей среды»: ТОО «Техбұлақ», адрес: ЗКО, г. Уральск, ул. Сарайшық 44/3, БИН 111240020185, e-mail: tekbulak@mail.ru, 8 (7112)50-30-46.

Документация по проекту размещена на информационном портале <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Западно-Казахстанской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy/activities/directions?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Меншік иесі:  
“Жайық Пресс” ЖШС  
Бас директор  
Дархан ОРАЗОВ

“Жайық Пресс” ЖШС  
Ақжайық аудандық  
“Жайық таңы”  
қоғамдық-саяси газетінің  
редакторы  
Әлия ШАРАПИЕВА

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат және мұрағат комитеті “Жайық  
таңы” газетіне берген куәлік нөмірі 12258-Г,  
берілген күні 19.01.2012 жыл.

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі  
редакцияның түпкілікті көзқарасы болып  
есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына  
жауап бермейді, оны қайтармайды.  
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты.

Мекенжайымыз: 090100, БҚО, Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы,  
Ихсанов көшесі, 18. Телефондар: Редактор: 92-3-24 (факс); тілшілер:  
91-7-56. Біздің электронды поштамыз: E-mail: zhaiktany@mail.ru

Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар  
ақылы болып есептеледі.

# EGOV MOBILE АРҚЫЛЫ ГАЗ КӨРСЕТКІШІН ЖОЛДАУҒА БОЛАДЫ

Енді газ есептегішінің көрсеткіштерін eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы онлайн жолдауға болады. Қосымшада жаңа QazaqGaz Аймақ сервисі іске қосылды. Бұрынғыдай контролер келгенін күтпейміз, ай сайынғы көрсеткіш телефондағы осы қосымша арқылы жіберіледі.

«QazaqGazАймақ» облыстық филиалының Ақжайық газ шаруашылығының маманы Ерлан Нагибовтың айтуынша, бұған дейін газ есептегішінің көрсеткіштерін тек жеке QazaqGaz Аймақ қосымшасы арқылы жолдау мүмкін болса, енді бұл қызмет eGov Mobile платформасына біріктірілді. Яғни, азаматтарға қосымша бағдарлама орнатудың қажеті жоқ.

Жаңа сервисінің басты ерекшелігі – жасанды интеллект технологиясының қолданылуы. Пайдаланушы есептегіштің суретін жүктегеннен кейін жүйе фотодағы мәліметті осыған дейін енгізген көрсеткіштермен автоматты түрде салыстырады. Егер көрсеткіштер арасында сәйкессіздік анықталса, жүйе оны бірден көрсетіп, қате деректердің жіберілуіне жол бермейді.

Мұндай тәсіл қолмен енгізу кезінде жиі кездесетін қателіктерді азайтып қана қоймай, төлемдердің дәл есептелуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар контролер тарапынан жүргізілетін қосымша тексерулердің санын қысқартып, қызмет көрсету процесін едәуір жеңілдетеді.

Газ есептегішінің көрсеткіштері ай сайынғы есептік кезең бойынша әр айдың 25-інен келесі айдың 5-іне дейін қабылданады. Осы уақыт аралығында тұтынушылар көрсеткіштерін бірнеше минут ішінде смартфон арқылы жолдай алады.

Мамандардың айтуынша, жаңа сервис газ тұтыну көлемін нақты есепке алуға, есеп айырысудағы даулы мәселелердің алдын алуға және азаматтардың деректерін мемлекеттік цифрлық платформа арқылы қауіпсіз жеткізуге мүмкіндік береді.

Әсел САҒЫН

## ЕНДІ ГАЗ ЕСЕПТЕУШІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН eGov Mobile АРҚЫЛЫ ЖІБЕРУГЕ БОЛАДЫ

Жылдам, ыңғайлы және қауіпсіз

Газ есептегішінің көрсеткіштерін eGov Mobile қосымшасы арқылы онлайн жіберіңіз

Жасанды интеллект көрсеткіштерді таниды


Газ тұтынуына сәйкес дұрыс есептеулерді алыңыз

Көрсеткіштерді өзіңіз жіберіңіз

### МАҢЫЗДЫ!

Көрсеткіштерді қабылдау мерзімі: ай сайын 25-інен келесі айдың 5-іне дейін

### КӨРСЕТКІШТЕРДІ ҚАЛАЙ ЖІБЕРУГЕ БОЛАДЫ?



QAZAQGAZ АЙМАҚ egov Қазақстан Республикасы Энергетика министрілігі

Газет “Жайық Пресс”  
медиахолдингіне компьютерлік  
әдіспен теріліп, беттелді.  
“Хабар-Сервис” ЖШС баспаханасында  
басылды. Ақтөбе қаласы, Т.Смағұлов  
көшесі 9/2.  
Тапсырыс: 15  
Көлемі 1 баспа табак.  
Газет аптасына 1 рет шығады.  
Таралымы: 2001

► ЗАКОН И ПОРЯДОК

## ЕСЛИ МОШЕННИКИ ОФОРМИЛИ НА ВАС КРЕДИТ...

**Телефонное мошенничество сегодня стало одной из самых распространённых схем обмана. Нередко люди узнают о чужом кредите только после звонка из банка или требования погасить задолженность. Что делать, если кредит оформили без вашего ведома?**

Специалисты рекомендуют регулярно проверять свою кредитную историю. Агентство по регулированию и развитию финансового рынка советует делать это не реже одного раза в квартал. Проверить кредитную историю можно несколькими способами: через Государственное кредитное бюро, Первое кредитное бюро, ЦОН или портал eGov.kz с помощью электронной цифровой подписи.

Если вы все же обнаружили кредит, немедленно обратитесь в финансовую организацию, где оформлен займ. Не стоит терять время. Необходимо позвонить в call-центр, а затем подать письменное заявление с требованием заблокировать счёт, банковскую карту и мобильное приложение. При подаче заявления обязательно попросите документ с отметкой о регистрации обращения, где указаны дата и время его принятия. Этот документ может понадобиться для защиты ваших прав в дальнейшем.

Сохраните переписки, SMS-сообщения, аудиозаписи разговоров, сообщения в мессенджерах и сделайте скриншоты. Если деньги были переведены на другой счёт, необходимо получить выписку по счёту и сохранить реквизиты получателя средств. Все эти материалы могут стать важными доказательствами того, что кредит оформляли не вы.

Подайте заявление в полицию. В заявлении необходимо указать дату оформления кредита, сумму, наименование банка или микрофинансовой организации, обстоятельства произошедшего и приложить собранные доказательства. После регистрации заявления может быть возбуждено уголовное дело по статье 190 Уголовного кодекса Республики Казахстан («Мошенничество»).

В полиции следует получить постановление о признании вас потерпевшим. В документе должны быть указаны сумма кредита, дата его оформления и наименование кредитной организации. Это постановление необходимо предоставить в банк или, если долг уже передан, в коллекторскую компанию.

После получения документа кредитор обязан не позднее трёх рабочих дней временно приостановить взыскание задолженности. Даже если материалы уже готовятся для передачи в суд, данные процедуры должны быть остановлены.

Если банк или коллекторская компания игнорируют законные требования пострадавшего, можно обратиться с жалобой в Агентство по регулированию и развитию финансового рынка через сервис e-Otinish.

Главное правило в подобных ситуациях – не паниковать и действовать быстро. Чем раньше человек сообщит о мошенничестве и начнёт собирать доказательства, тем выше шансы защитить свои права и избежать финансовых потерь.

А. СЕРИККЫЗЫ

Өткен аптада «Көшен көрпе» халықаралық этножобасы аясында бірден екі әлемдік этнорекорд ресми түрде тіркелді. Грекиялық белгілі этнодизайнер Аселина Батырдың бастамасымен жүзеге асқан аталмыш жоба Азия және Африка елдері бойынша Global Best of Records Дүниежүзілік рекордтар кітабының қолдауымен ұйымдастырылған. Қазақтың ұлттық қолөнерін әлемге танытқан айтулы бастамаға ауданымыздың ісмерлері де өз үлестерін қосты.

Ақмола облысындағы «Бейбарыс» кешенінде өткен шарада 1031 құрақ көрпе мен 1006 құрақ жастық дайындалды. Рекорд ресми түрде тіркеліп, қазақтың дәстүрлі қолөнері тағы бір мәрте халықаралық деңгейде мойындалды.

Тарихи осы жетістікте, жоғарыда айтып кеткеніміздей, Ақжайықтың шеберлерінің де қолтаңбасы қалды. Атап айтар болсақ, облысымыздан қатысқан 26 қолөнер шеберінің қатарында Зухра Құсайынова, Айжан Нұрсайынова және

## АҚЖАЙЫҚТЫҢ ІСМЕРЛЕРІНЕ РЕКОРД ОРНАТУ ТҮК ТЕ ЕМЕС

Айдана Жұбандықова да қалың ісмерлермен бірге Ақмолаға арнайы барып, көрпе құрады. Ақжайықтық ісмерлердің үлесі елеулі бұл алғашқы рекорд емес. Естеріңізде болса, 2024 жылы өткен Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарында көрпе құрап, жаңа рекорд орнатқан шеберлердің бірі, жерлесіміз Сәуле Нұрғалиеваның есімі «КИНЭС» кітабына енген болатын.

Зухра Құсайынова бала кезінен іс тігіп, көрпе құрайды. Уақыт өте келе, бұл қызығушылық сүйікті кәсіпке айналған.

– Құрақ құрау – атадан балаға мирас болған өнер. Біз өз ісімізді ұлттық

құндылықты насихаттаудың бір жолы деп білеміз. Осындай үлкен жобаға атсалысып, қазақтың қолөнерін, дәстүр, құндылықтарын дәріптеп, рекорд орнатушылардың бірі атанғанымызға қуаныштымыз, – дейді ол.

Айта кетейік, аудандық іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Лаззат Мұратқызы биыл Ақжайық ауданында «Көшен көрпе» жобасын шағын көлемде өткізуді ұсынған. Оны ұйымдастыру, дизайн азырлеу және жүзеге асыру жұмыстарына осы ақжайықтық шебер қыз-келіншектер қазірден бастап кірісіп кеткен. Іске сәт дейміз, шеберлер!

Айжан АҚЫЛ



## АУЫЗБІРШІЛІК БОЛСА, ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН ІС ЖОҚ

**Аудан орталығындағы мешіт аумағында жаңа спорт алаңы салынып жатыр. Бұл ретте бірден айта кетуіміз керек, алаңның құрылысы бюджет қаражатына емес, ауыл тұрғындарының өз күшімен жүргізілуде. Ауылдың жанашыр азаматтары қаражат жинап, ортақ іске жұмылып, бар жұмысты өздері тындырып жатыр.**

Негізі бұл спорт алаңының құрылысы осыдан бірнеше жыл бұрын басталған болатын. Алайда түрлі себептермен аяқсыз қалған еді. Биыл ауыл азаматтары бастаманы қайта жандандырып, құрылысты жалғастырды.

Аумағы 18х36 метр болатын алаң ауыл жастары мен жасөспірімдерінің спортпен айналысуына керемет орын болайын деп тұр. Мұнда балалар доп ойнап, жаттығып, бос уақытын тиімді өткізе алады.

Бастамашыл топ мүшелерінің бірі, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Марат Ығылмановтың айтуынша, бұл – көптен күткен нысан.

– Бұл жер ең алдымен балалар үшін қажет. Қазір ауылда спортпен айналысамын деген жастар көп. Сондықтан қауіпсіз әрі қолайлы алаң салуды қолға алдық. Құрылысқа ауыл азаматтары қолдан келген көмегін беріп жатыр. Жоспарымыз – нысанды 6 шілдеге дейін аяқтап, халық игілігіне беру, – дейді ол.

Бірлік бар жерде береке бар. Бүгінде ауыл тұрғындары осы сөздің шын мәнін іспен дәлелдеп отыр. Бірі қаржылай қолдау көрсетсе, енді бірі құрылыс жұмысына атсалысуда. Ортақ мақсат – ұл-қызға қуаныш сыйлап, ауылға тағы бір игі нысан тарту ету.

Ауда АСЫЛБЕК

## СЕРЕБРЯНАЯ МЕДАЛЬ ИЗ МАНИЛЫ

**В столице Филиппин, городе Маниле завершился чемпионат Азии и Океании по самбо среди взрослых, собравший сильнейших мастеров единоборств континента. В составе национальной сборной Казахстана на этом престижном турнире выступил наш земляк Армат Кабдолов.**

В весовой категории до 58 килограммов акжайкский спортсмен продемонстрировал высокий уровень мастерства, уверенно провёл несколько поединков и сумел пробиться в финал соревнований. В

напряжённой борьбе Армат завоевал серебряную медаль чемпионата, став одним из лучших самбистов Азии и Океании в своей весовой категории.

Успех спортсмена – результат многолетнего труда, упорных тренировок и целеустремлённости. Серебряная награда континентального первенства стала не только личным достижением Армата Кабдолова, но и большой победой для всего нашего района, который по праву гордится своими талантливыми спортсменами.

Ракым БЕРИҚАЛИ

